

## **Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексеру парақтарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 29 қарашадағы № 89 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 30 қарашада № 17834 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 141-бабының 5 және 6-тармақтарына және 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 06.02.2023 № 53 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 06.02.2023 № 16 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

### 1. Мыналар:

1) осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес асыл тұқымдық орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

3) осы бірлескен бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес дистрибьютерлік орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

4) осы бірлескен бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидияларды алған жеке және заңды тұлғаларға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

5) осы бірлескен бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес республикалық палаталарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

6) осы бірлескен бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес бонитерлерге (сыныптаушыларға) арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

7) осы бірлескен бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес техник-ұрықтандырушыларға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

8) осы бірлескен бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

9) осы бірлескен бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес асыл тұқымдық орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы;

10) осы бірлескен бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес дистрибьютерлік орталықтарға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тексеру парағы бекітілсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2023 № 261 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.07.2023 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

## 2. Мыналардың:

1) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және бал ара шаруашылығы саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05-1136 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 820 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12729 болып тіркелген, 2016 жылғы 20 қаңтарда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) "Асыл тұқымды мал шаруашылығы және бал ара шаруашылығы саласындағы тексеру парағын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 15-05-1136 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 820 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 389 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 4 қазандағы № 438 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14406 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 қарашада Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу

үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бірлескен бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы бірлескен бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*

*Премьер-Министрінің орынбасары –*

*Қазақстан Республикасының*

*Ауыл шаруашылығы министрі*

*Қазақстан Республикасының*

*Ұлттық экономикаминистрі*

\_\_\_\_\_ *Ө. Шөкеев*

\_\_\_\_\_ *Т. Сүлейменов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

**Қазақстан Республикасы**

**Бас прокуратурасының**

**Құқықтық статистика және**

**арнайы есепке алу жөніндегі**

**КОМИТЕТ**

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің  
орынбасары –

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрінің

2018 жылғы 29 қарашадағы  
№ 481 және

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2018 жылғы 29 қарашадағы  
№ 89 бірлескен бұйрығына  
1-қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.07.2023 № 261 және ҚР Ұлттық экономика министрінің 14.07.2023 № 139 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) бекітілген Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларына және "Тексеру парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №17371 болып тіркелген) сәйкес, асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу үшін және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексеруді (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігіне тексеру) және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүргізу кезінде бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) бақылау субъектілері (объектілері) – асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтар, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидиялар алған жеке және заңды тұлғалар, республикалық палаталар, бонитерлер (сыныптаушылар), техник-ұрықтандырушылар, эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар;

2) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

3) болмашы бұзушылық – асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптарды құжаттаманы және есептілікті ұсынбау не оларды есепке алуды уақтылы жүргізбеу бөлігінде бұзу;

4) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

5) елеулі бұзушылық – асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, өрескел және болмашы бұзушылықтарға жатпайтын талаптарды бұзу;

6) өрескел бұзушылық – Қазақстан Республикасының асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы заңнамасында белгіленген, " Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының кодексінде жеке және заңды тұлғалардың бонитирлеуден (бағалаудан) өтпеген асыл тұқымды өнімді ( материалды) асыл тұқымдық куәлік бермей өткізуі; жеке және заңды тұлғалардың асыл тұқымдық куәлік бермей асыл тұқымды өнімді (материалды) өткізуі; асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы субъектілердің республикалық палатада тіркелмеген асыл тұқымды жануарлардан алынған ұрықтар мен эмбриондарды пайдалануы бөлігінде көзделген әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соқтыратын талаптарды бұзу;

7) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

8) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудан және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

9) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

10) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

11) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

12) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

13) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

## **2-тарау. Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу кезінде тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру тәртібі**

3. Талаптарға сәйкестігін тексеру және (немесе) бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін талаптарға сәйкестігін тексеру және (немесе) бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылауды жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары кезең-кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады (шешімдерді мультиөлшемшартты талдау).

Бірінші кезеңде объективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекелдің жоғары және орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру, бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

4. Екінші кезеңде субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;

2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;

3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

5. Ықтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 1-қосымшаға сәйкес айқындалады.

Талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі осы Өлшемшарттарға 2-қосымшаға сәйкес айқындалады.

6. Бақылау субъектілерінің (объектілеріне) талаптарға сәйкестігіне тексеру және профилактикалық бақылау жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

#### **1-параграф. Объективті өлшемшарттар**

7. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі жоғары бақылау субъектілеріне (объектілеріне) асыл тұқымдық және дистрибьютерлік орталықтар жатады.

8. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі орташа бақылау субъектілеріне (объектілеріне) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидияларды алған жеке және заңды тұлғалар және республикалық палаталар жатады.

9. Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі төмен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бонитерлер (сыныптаушылар), техник-ұрықтандырушылар, эмбриондарды телу (ауыстырып салу) жөніндегі мамандар жатады.

#### **2-параграф. Субъективті өлшемшарттар**

10. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) дерекқорды қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

11. Бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалау үшін бақылау субъектілеріне (объектілеріне) профилактикалық бақылау жүргізу үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

1) алдыңғы тексерулердің және бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың нәтижелері;

2) бақылау субъектісі ұсынатын есептілік пен мәліметтер мониторингінің нәтижелері;

3) бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау нәтижелері (бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау қорытындылары бойынша берілген қорытынды құжаттар).

Талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін бағалауға бақылау субъектілеріне (объектілеріне) қатысты алдыңғы жүргізілген тексерулердің нәтижелері пайдаланылады.

12. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде талдауға және бағалауға жататын субъективті өлшемшарттар бойынша деректер қалыптастырылады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді және бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты барынша ықтимал тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) профилактикалық бақылау жүргізуді шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде бақылаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 178-бабының 1-тармағына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы бара отырып жүргізілген профилактикалық бақылаудың және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне арналған графиктер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде оларды қосуға жол берілмейді.

13. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдылығын және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығын негізге ала отырып, осы Өлшемшарттардың 3-тарауында айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы Өлшемшарттарға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді.



### **3-параграф. Тәуекелдерді басқару**

14. Адал бақылау субъектілерін көтермелеу қағидатын іске асыру және бұзушыларға бақылауды шоғырландыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) субъективті өлшемшарттарды қолдану арқылы осы Өлшемшарттардың 22 және 23-тармақтарында айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуден босатылады.

15. Қазақстан Республикасының заңдарында және осы Өлшемшарттарда бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылаудан немесе талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған жағдайда, субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне ауыстырылады.

16. Тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу графиктерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері (объектілері) санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайызынан аспауы тиіс.

### **3-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткішін есептеу тәртібі**

17. Осы Өлшемшарттардың 3 және 4-тармақтарына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің келесідей тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы Өлшемшарттардың 11-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және дерекқор қалыптастырады.

18. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бара отырып профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (SP) және субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел

дәрежесінің көрсеткішін (SC) қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$$\text{Рарал} = \text{SP} + \text{SC},$$

мұнда:

Рарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші;

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SC – осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есептеу асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылаудың бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

19. Алдыңғы тексерулер мен бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып, профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі балмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Өлшемшарттардың 11-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау немесе талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{SP}_3 = (\text{SP}_2 \times 100 / \text{SP}_1) \times 0,7,$$

мұнда:

SP<sub>3</sub> – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP<sub>1</sub> – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP<sub>2</sub> – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$SP_H = (SP_2 \times 100 / SP_1) \times 0,3,$$

мұнда:

$SP_H$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_1$  – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

$SP_2$  – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші ( $SP$ ) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_H,$$

мұнда:

$SP$  – тәуекел дәрежесінің жалпы көрсеткіші;

$SP_3$  – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

$SP_H$  – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

20. Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

мұнда:

$x_i$  - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

$w_i$  - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы  $x_i$

$n$  – көрсеткіштер саны.

Осы Өлшемшарттардың 13-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

21.  $R$  көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\text{min}}}{R_{\text{max}} - R_{\text{min}}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды);

R<sub>max</sub> – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы);

R<sub>min</sub> – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы);

R<sub>арал</sub> – осы Өлшемшарттардың 18-тармағына сәйкес есептелген субъективті Өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

#### **4-тарау. Қорытынды ережелер**

22. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі жылына ең көбі бір рет болып айқындалады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі ең көбі екі жылда бір рет болып айқындалады.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілеріне (объектілеріне) талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі ең көбі үш жылда бір рет болып айқындалады.

23. Бақылау субъектісіне бара отырып профилактикалық бақылау жүргізудің жиілігі субъективті өлшемшарттар бойынша алынатын мәліметтерге жүргізілетін талдау мен бағалаудың нәтижелері бойынша айқындалады және жылына екі реттен жиі болмау керек.

24. Талаптарға сәйкестігін тексерулер Кодекстің 144-бабы 2-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік орган бекітетін талаптарға сәйкестігін тексеру графигінің негізінде жүргізіледі.

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып профилактикалық бақылау Кодекстің 144-2-бабы 4-тармағына сәйкес қалыптастырылатын бақылау субъектісіне (объектісіне) бара отырып жүргізілетін профилактикалық бақылаудың жартыжылдық тізімдері негізінде жүргізіледі.

Асыл тұқымды мал  
шаруашылығы және балара  
шаруашылығы саласындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемшарттарына  
1-қосымша

**Асыл тұқымды мал шаруашылығы және балара шаруашылығы саласындағы талаптардың бұзылу дәрежесі**

№	Өлшемшарттардың атауы	Бұзушылық дәрежесі
Асыл тұқымдық орталықтар		
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында асыл тұқымды өнімді ( материалды) тіркеудің болуы	болмашы
2.	Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректер нысандары бойынша есептілікті ұсынбау ( индекс: № АТОЕ-1, АТОЕ-3 нысандар, тоқсан сайын)	болмашы
3.	Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректер нысандары бойынша есептілікті ұсынбау ( индекс: № АТОЕ-2 нысан, жыл сайын)	болмашы
4.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында дұрыс емес мәліметтердің болуы	елеулі
5	Асыл тұқымдық куәлік бермей асыл тұқымды өнімді (материалды ) өткізу	өрескел
6	Республикалық палатада тіркелмеген асыл тұқымды жануарлардан алынған ұрықтар мен эмбриондарды пайдалану	өрескел
Дистрибьютерлік орталықтар		
7.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында асыл тұқымды өнімді ( материалды) тіркеудің болуы	болмашы
8.	Асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға әкімшілік деректер нысандары бойынша есептілікті ұсынбау ( индекс: № АТОЕ-3 нысан, тоқсан сайын)	болмашы
9.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың ақпараттық базасында дұрыс емес мәліметтердің болуы	елеулі
10.	Асыл тұқымдық куәлік бермей асыл тұқымды өнімді (материалды ) өткізу	өрескел
Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға бюджеттік субсидияларды алған жеке және заңды тұлғалар		

11.	Жануарлардың жеке нөмірлерінің болуы	елеулі
